

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРАТҚАН
ТӨСЕЛІГІЗДІК ТАРАТҚАН

— Кенжеғали Әбенұлы, Сіз бең біз Президент Н. Назарбаев жуырда өткізген идеологиялық қызмет мәселелері жөніндегі республикалық кеңестен соң жолығып отырмыз. Кеңес мінберінен айтылған әр тарапты пікірлер. Ел басшысының ендігі бағыты жұртшылық арасында кең жайылды. Әйтсе де бір күмән көңілден кетпейді. Ол — мұндай кеңестің осыншама кеш өту себебі неде? — деген сұрақ...

— Қоғамдағы социализм мұраттарының күйреуіне орай оның идеологиясынан да бірден бас тарттық. Сөйтіп, күштеу, күштеп танудың бұғауын лақтырып тастау арқылы өзімізге мүлде тосын, жана — нарықтық қарым-қатынасқа түсе бастадық. Жаппай іс-қимылға, ашық әрекетке көштік. Бірақ, әзірге бұдан көзге көрінетін нәтиже аз болып тұр: халықтың әл-ауқаты нашарлай түсті; өндірістік көрсеткіштер құлдырап бара жатыр; ауыл шаруашылығы тұралауда; баға шарықтап бетімен кетіп барады. Былайша айтқанда қоғам бағыт-бағдарсыз қалған секілді. Тоқырауға қарсылық сол тоқырау кезеңінің өзінде басталған болатын. Сол кездегі экономикада да, және сол кезеңнің идеологиясында да бұл бірден көрініс берді. 1985 жылдан бері көзге бадырайып көрінген қоғамдағы қопарылыстардың әлеуметтік түп-тамыры тереңде жатыр. Қарапайым халық бұрынғы экономикалық жүйелердің өз идеологиясымен бірге күйреудің зардабын енді тарта бастады. Міне, бір жарым жылдай уақыт болды — біз нарықтық экономиканы уағыздап келеміз. Бірақ ортақ көзқарастар мен ортақ бағыттарды біріктірмей болмайды. Ал, оған «жан бітіру» үшін айқын нысана керек еді. Конституциялық тәуелсіздікке қол жеткізсе де, бұрынғы империя қалдырған экономикалық бұғаудан шыға алмай отырған Қазақстан Республикасы қоғамның ендігі бағыты мен бағдарын мейлінше анықтап алуы қажет. Яғни нарыққа бет алған, жаңару жолындағы өз қоғамымыздағы санқилы көзқарастар мен идеялар мұнан былай ортақтаса отырып, қалай бірігіп өмір кешпек — міне, осыны бір түйіндеп алу керек болды...

— Қазақстанда, әсіресе, 1991 жылдың екінші жартысынан былай қарай ірі қоғамдық қопарылыстар жүріп жатты... Идеология мәселесі неге дәлме-дәл сол кезеңде қолға алынбады?

— Меніңше, мұның екі себебі бар: біріншіден, кеңес өкіметінің тұсындағы басқыншылық идеологияның халықтың өңіненіп өтіп кеткені соншалықты — оның атын атаса — зар ете қалатын болды. Екіншіден, біз нарық деп жүрген қоғамдық-экономикалық қарым-қатынас өзінің өзгеше идеялық тұғырына әлі көтеріле алмай жатыр. Нарық дегеніміз — экономикада нақты көрініс беретін іс пен оның нәтижесі, шаруашылықтың жана тәсілі. Ал, біз нарықты мадақтағанымыз соншалықты — оны идеологияға айналдырып жібердік.

— Кеңесте өз пікіріңізді Сіз де айттыңыз, бірақ Президент кейбір көзқарастарыңызбен өзінің келіспейтінін танытты ғой...

— Ендігі қоғамның өзегін, көп жағдайда, бір-біріне мүлде қарама-қайшы келетін бағыттар мен көзқарастар да құрауға тиіс. Мұндай кереғарлық — қоғамды ілгері дамытып алып кететін екпінді күш. Республика Президенті Н. Назарбаев бұл бағыттың біздің күллі мемлекеттік ортақ концепцияға айналған тиіс екенін айқын айтты. Және бұл дүние жүзіндегі жан-жақты дамыған, өте-өзік мемлекеттердің өмір сүру принципі.

Ал, менің экономист ретінде бүгінде Республикада басталып кеткен процестерге өз көзқарасым бар. Оны мұнан тура бір жылдай бұрын Президенттің атына жазбаша ұсыныс болатынынмын. Экономикалық реформада біз біреулерге тікелей еліктеп кеттік. Қазақстанның ішкі жағдайына, өзіндік эко-

сыртқы ерекшеліктерін ескере отырып, қарастыра кеткен бақылау мен реттеудің арналары қандай? деген сұрақтың болуы заңды. Басты міндет — мемлекеттік меншікті де, жекеменшікті де сақтай отырып, аралас экономиканың іске қосылуына кеңінен жол ашу. Яғни жекеменшікке де, мемлекеттік меншікке де дес беру керек. Және қайталап айтамын: осының өзінде мемлекеттік басқару тізгінінен айырылмау басты шарт. Сонда ғана біз қоғамдық меншіктің осы екі түрін игере отырып нарықтық экономикаға өтеміз. Бұған өту үшін, сірә, ұзақ мерзім, өте көп уақыт керек болар. Бірақ, бәрібір, біз үшін мұнан өзге жол жоқ. Үшіншіден, жан-жаққа жалтақтай бермей, өзіміздің ұлттық экономикамызды құруға тікелей кіріскеніміз дұрыс. Ал, ұлттық экономиканы құру, әуелі, өз мемлекетіміздің ішкі мұқтажын толық білуден басталмақ. Республикадағы қолымызда бар бүкіл өнеркәсіп, өндіріс ошақтарын ішкі өз мұқтаждықтарымызды қанағаттандыру мақсатында қайтадан жасақтап шығу керек. Әйтпесе осылай — жоғымыздың бәрін бірте-бірте алыстап бара жатқан ТМД елдерінен телім-телім болып іздеуден танабайтынмыз анық. Дәлрек айтсақ, бүгін ішкі материалдық-техникалық, т.б. мүмкіндіктеріміздің

сақтандырылған. Олар ұстанған тепе-теңдік заңдылығы адамзатты бүгінге дейін аман сақтап алып келе жатыр. Осы тарихи-философиялық тұжырымды бүгінгі экономикаға, Қазақстан Президентінің саясатына қолдануға болар ма еді?

— Адамзат тарихында алғашқы қауымдық құрылыстар мен күл иелену дәуірлерінен бері бір ақиқат бар. Ол: қай ғасырда болсын экономикалық діндегі қауіп тұрған қоғам мен қоғамдастықтардың саяси қырғыны мен саясаттағы төңкерістері көп болады. Мәселен, коммунистік идеяның даму бұтағын қуалап көрейік. Көне ойшылардан басталған бұл идея 1848 жылы Париж коммунасы ретінде үш айдай өмір сүріп тұрды да, «өлді». Кейіннен Шығыс Еуропа елдеріне ауыса бастады. Сол кездегі экономикалық діндегі мықты елдер бұл идеяны «сынап» көрді де, тастап кетті. Алайда, бірінші Петрдің арқасында батыстың ғылымы мен біліміне аузы жана ғана тиген Ресей кеніңгі ғасырдан-ақ бұл идеяны «қағып» алды. Сөйтті де, «іске қосып» жіберді. Нәтижесінде 1917 жылғы Қазан революциясы Кеңес өкіметі деген лақаппен ондаған ұлттар мен ұлыстарды тізерлетіп қойып, әлгі идеяны мойындатты... Ақыры,

құқықтық негіздері толығымен дайын деп ойлайсыз ба?

— Қоғам қазір экономиканың бір типінен екінші типіне апаратын қылқөпірдің үстінде тұр. Сондықтан, заң қабылдау өте жауапты іс. Оған қоса парламенттегі көп депутаттар билестікпен қол көтеріп отыр. Парламентте профессионалдар аз. Сондықтан да болар, олар жаппай нарық экономикасының заңдарын қабылдап жіберді. Ал, заңдар жұмыс істемей жатыр. Өйткені, өмірде нарық әлі жоқ! Бізге осы өтпелі кезеңдегі аралас экономиканың заңдары керек. Бұл туралы пікірін мәртебелі Президентіміз өткен кеңесте анықтап айтты. Ал, біз болсақ, өтпелі кезеңнен секіріп өтіп, нарық заңдарына бірден топ ете түстік.

— Бұдан бірер жыл бұрын республика Президентінің шақыруымен келген Сингапурдың экономика жөніндегі министрі, әсіресе Азия мемлекеттері үшін экономикалық құрылым — ұлттық болмыс пен психологияға (ниетке) сәйкес болғанды ғана ол дәуірлей көтерілмек деген тұжырым айтты. Экономикада нақты ұлттық реңк бола ма? Болса — Қазақстан жағдайында оның ролі қандай?

Кенжеғали САҒАДИЕВ:

«НАРЫҚ ХАЛЫҚҚА БЕТ БҰРСЫН»

барлығын, табиғи қорларымызды тек қана өзіміздің өндірістік технологиямызды гүлдендіруге жұмылдыратын біртұтас мемлекеттік кешенді бағыт керек. Ғылыми анализ негізінде жасалатын мұндай бағдарламаны шартты-түрде «Қазақстан территориясында біртұтас өндірістік-экономикалық кешенді қалыптастырудың ұлттық бағдарламасы» деп атап, мемлекеттік дәрежеде қабылдаған жөн. Төртіншіден, өзіміздің экономикалық саясатымызды түбегейлі мақсатына жеткізу үшін — ұзарта бермей ұлттық өз ақшамызды іске қосуға тиіспіз. Өз валютамыз болса — айналымдағы қардай бораған қауһарсыз ақшадан құтыламыз; бұл — экономикалық реформаны біршама тұрақтандыратын бірден-бір шара. Шындап қарасақ, қазір ТМД елдерінің әрқайсысы өз валюталарын дайындап қойды, кейбіреулері оны іске қосып та жіберді. Бесіншіден, меніңше, республикадағы сыртқы экономикалық байланыстар идеологиясын түгелімен қайта құру керек. Қазіргі Қазақстанның ашық экономика саясатына байланысты табиғи қорларымыз сыртқы елдерге көп шашылуда; шет ел инвесторлары озық технологиясын әкелуге асықпауда; ішіміздегі тауар өндірушілерге толық мүрсат бере алмай отырмыз; сондықтан да еңбек өнімділігі әлемдік дәрежемен салыстыруға келмейді — өте төмен. Сыртқы елдермен жасап жатқан экономикалық қарым-қатынас әзірше ішкі қуатымызды арттыруға үлес қоса алмайды. Ол үшін тағы ондаған жылдар қажет. Ал, Республиканың ашық экономикалық арналарын жартылай ашық саясат негізіне көшіріп, аса пайдалы тұстарды өзімізге тікелей іркіп қалып отырсақ, соның негізінде біз үшін пайдасы шамалы экспорттық саясат ағымалы болсақ — тұран топырағымыз-

міне, бұл коммунистік идея құлап тынды да, Жер әлемнің үштен бір бөлігіне жайылған социалистік лагердегі 28 ел «аттын басын» кері қарай бұрды. Осының арғы жағында сол елдердің экономикалық іргетасының әлсіздігі анық көрініп отырады. Бұдан шығатын тұжырым біреу-ақ. Ол: экономикада күрт революция жасау ешбір елді ешқашан да жақсылыққа жеткізген емес. Жақсы ма, жаман ба — өзіне дейінгі қоғамның негіздерін, ондағы экономикалық қарым-қатынастарды қиратып тастап, «ку медненге гүлденген өмір орнатымын» деу — барып тұрған сорақылық. Әлгіде Сіз айтқан тарихи тұлғалардың бәрі де осыны кемеңгерлікпен сезіп-білген. «Жүрісі жаман жылқының шоқырағы көп болар» деген қазақ атам. Меніңше, экономикадағы даму — өзінің алдындағы қоғамдық жетістіктерді шайқалтпай, керегін тандап алып, сатыдан сатыға жүрісін бұзбай, сар желіп бара жатқан — су төкпес жорғаның жүрісі! Қай қоғамдағы экономикалық өзгерістер халыққа су төкпес жорғадай әсер етсе — оның ғұмыры ұзаққа бармақшы. Менің мына нарықтық экономика кезеңінде мемлекеттік басқару жүйесінен қашпауымыз керек, қайта оны күшейткен жөн дейтін концепциям да осыны білдіреді.

— Мемлекеттік меншікті жекешелендіру, өндіріс, өнеркәсіп орындарын акциялар арқылы басқару; еркін экономикалық аймақтарға ұмтылу, шет елдік ірі концерндер мен фирмаларға жолдың еркін ашылуы, өзге елдермен біріккен кәсіпорындарға толық мүмкіндік берілуі бізді экономикалық моно-

— Біз қандай экономика құрып жатырмыз? Ұлттық па, жоқ па? Халыққа осының турасын айтуымыз керек. Н. Назарбаев кеңестегі сөзінде: «егемендікті экономикалық мағынаға толтыру ең алдымен толыққанды ұлттық нарық құру керек екендігін білдіреді» деп атап өтті ғой. Әйтсе де бұл Қазақстанда қазақтарға арналған ғана экономика деген ұғым емес. Республикадағы бүгінгі тұрақты саяси ахуалды сақтай отырып территория жағынан біртұтас, өндірістік-технологиялық жағынан өзара тығыз байланысты, ондағы ұлттар мен ұлыстардың этникалық мүддесі барынша ескерілген біртұтас экономика — басты бағыт болуға тиіс. Мен — реалистпін. Сондықтан да ұлттық экономика бірден қалыптаса қалады екен деп ойламаймын. Алайда ұлттық экономиканы құру керек деген бағытты енді мемлекеттің басты идеологиялық қаруына айналдырған жөн. Сол арқылы бүкіл күш-қуатты республикадағы ішкі мұқтаждықтарды өтеуге жұмсау керек те, сыртқы елдермен тек тиісті байланыстарды қалдыру қажет.

Ұлттық экономика рухын оятуға байланысты менің Президентке және республика Үкіметіне үлкен бір ұсынысым бар: Қазақстанның ең басты байлығы — Жер, Су. Жердегі табиғи қорлар бізде өте мол. Ендеше, Қазақстан жерінің пайдалылық коэффициенті толық есептелді ме? Жоқ. Демек, Қазақстандағы экономиканы қайта құруды тікелей жерден бастау керек! Біздің күллі материалдық рухани байлықтарымыз жерде. Өткен кенесте жазушы И. Шеголихин нарық жағдайында «қазақ ауылдарының қаңырап қалып» жатқанын баса айтты. Қазақ ауылдарын қайта құруға әлі де мүмкіншілік бар. Ауылдың халін көтермей, экономикадағы өзгерістерді ауыл-

титут. — Академияның қанатының астына бірігетін болады. Бұл — келешек. Ал, әзірше осы кешендердің жұмысын Академияның ішінен құрылған Оқу-ғылыми-методикалық басқарма арнаға салып, реттестіріп отырады. Оның өзі болашақта ірі басқару орталығына айналмақшы.

Академияның ішкі құрылымын бұлайша күрт өзгерту осы оқу орнын, қайтсек те, әлемдік стандартқа сай деңгейге көтеру мақсатынан туып отыр. Біздегі құрылымдық өзгерістер енді онда сабақ беретін мамандарға өте биік талап қоятыны белгілі. Ал, нарық қатынастарына бұрынғы оқытушылар дайын емес қой. Сондықтан да, Академиядағы мүмкіндігі жоғары, өте қабілетті адамдардан арнайы білікті топ құрып алдық та, оқытушылардың өзінен қатан емтихан алу арқылы оларды жаппай сарптаудамыз. Әлгі комиссияның қорытындысы бойынша көптеген адамдар өзге жаққа жұмысқа ауысты, ал енді қалған оқытушылардың өзін қайта дайындауды да бірден қолға алып жібердік. Нарық экономикасын жетік игерген шет елдік мамандар келіп, біздің қалған оқытушыларды нарық дәстүрлеріне жанадан оқытуда. Академияның 30 шақты жас оқытушылары АҚШ, Германия, Англия, Франция, Австрияның айтулы оқу орындарында дәріс алып қайтты. Тіпті, шет елдерге барып оқып қайту үшін де мамандардың өз арасында конкурс өтеді. Тімісіз деп есептелгендіктен, бұрынғы кафедралардың көбі жабылып, жаналары іске қосылды. Алдағы жылдан бастап Академияға сабақ беретін оқытушыларды шет елдерде арнайы оқытатын боламыз. Сондай-ақ алдағы күзден былай қарай біздің Академияда Қазақстан оқу орындары үшін нарықтық экономикадан сабақ беретін мамандар даярлайтын факультет ашылмақшы. Шет ел тілдерін терең игеріп алмай, нарық экономикасын меңгеру мүмкін емес, сондықтан Академиядағы оқу процесінде ағылшын, неміс, француз тілдерін оқып-үйренудің сағаттары үш есе көбейтілді!

— Әлемдік стандартқа пара-пар мамандар даярлау, өзіндік айттып отырғандағыдай, қуатты материалдық-техникалық базаға, мықты маман оқытушыларға байланысты. Ал, нарықтық экономиканың оқулықтары бізде, тіпті де, жоқ емес пе?

— Академияның материалдық-техникалық жақтандырылуын қатты күшейте, оқытушылар білімінің сапасын арттыра отырып, оқулықтарды да бірден қолға алғанбыз. Әуелі нарық экономикасы дәуірлеп тұрған елдерден ондаған оқулықтар алдырдық. Соған сәйкес арнайы аудармашылар тобы құрылды. Ең сүбелілерін өз мамандарымыз бірден орыс тіліне аударып жатыр. Сондай-ақ тұңғыш рет қазақ тіліндегі нарықтық экономиканың оқулықтарын жасауға кірістік. Оны дайындайтын — ғалымдардың жеке тобы, үшіншіден, Қазақстанда тездетіп оқулықтар шығару үшін жеке экономикалық баспа ашуды қолға алудамыз. Бұл ұсынысымызды республиканың Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары министрі А. С. Сәрсенбаев өте дұрыс көріп отыр. Экономикалық баспадан сол тақырыптағы әдебиеттерді молдап шығарсақ, қазақ жұртының экономикалық сауатын тезірек ашар едік. Сөйтіп, ұлттық экономикалық сананы ықшам қалыптастырудың тиегі ағытылар еді. Төртіншіден, нарық экономикасы республикамызда бірте-бірте мемлекеттік тілде «сөйлей» бастайтыны да сөзсіз.

— Қазір республикадағы кез-келген жоғары не орта оқу орындарының жанынан коммерциялық немесе экономикалық мамандар даярлайтын факультеттер ашылууда. Мұндай жапатармағалық Академияның күш-қуатын әлсіретіп жібермес пе екен?

— Оныңыз рас. Бұрын жалпы экономиканы, бүгінде нарықтық экономиканы біздегі мамандардай білетін қордалы орта табылмас, сірә?! Басқа оқу орындарының техникалық-информатикалық

экономикалық реформада өз өреулеріне тікелі елкеті кеттік. Қазақстанның ішкі жағдайына, өзіндік экономикалық потенциалына үділе алмадық. Сондықтан да бұл реформаның негізінде көптеген қателіктер бар деп ойлаймын. Рас, мұның барлығы да әдені жасалып отырған жоқ. Бұл — тәжірибесіздігімізден. Өткен кенесте айтқан сөзімде осы бұрынғы көзқарасымды нақтылап, тереңдете түстім.

— Экономикалық ахуалдың қазіргідей дербестікке ұмтылған мемлекетіміздің деңгейінде шатқаяқтап тұрған кезеңінде газеттің көзі-қарақты оқырмандары үшін көзқарасыңыздың экономикалық-ғылыми негіздерін нақтылап талдап берсеңіз екен.

— Бүгінгі жаппай күйреу тек қана экономикадан келіп отыр деген көп айтылып жүрген пікірге мен қосыла алмаймын. Бұлай бұра тартып, қайғы-қасиреттің барлығын экономикаға жалпылама жаба салу — мәселенің байыбына бармаушылық, ғылыми көзқарасты орап өтіп, түпкі жауапкершіліктен қашу. Қоғамдық өмірдің табысты болуы, болмауы тек қана экономикада емес, керісінше, экономиканы қайтадан жасақтаудың идеологиялық бағытын дәлме-дәл белгілеп бермеуде болып отыр. Бізде экономикалық реформаларды іске қосудың тура осы тегерішігі қимылыз жатыр! Яғни, бұрынғы — жоспарлы экономиканы бүгінгі — нарықтық экономиканы қалыптастыруға кіріскен жағдайымыздағы өтпелі кезеңнің өзінің нақты нұсқасын жасап алуымыз керек еді. Міне, күллі кемшіліктің қайнар көзі — осында.

Біз саяси тәуелсіздігімізді алар-алмастан нарыққа қойдық та кеттік. Нарықтық экономиканың не екенін білуге, оны игеру үшін жүздеген жылдардың қажет екенін ескеруге жағдайымыз да, мүмкіншілігіміз де болмады. Нәтижесінде өзіміз білмейтін нарықты шектен тыс дәріптеу арқылы нарықтық эйфорияға немесе аты-жөні жоқ жеделдету романтизмге ұрындық. Оны біржақты мадақтау идеологиясы пайда болды және нарық идеологиясын ешкім қадағалаусыз, бет алдымен жіберді. Нарықтық қатынастарды Қазақстанда тым жедел қалыптастыруға, жекеменшіктің ролін барынша тездетіп көтеруге, сөйтіп, нарық деген алғашқы көзжұмбаққа ынғайлана бастадық. Бірақ, осының барлығында да жана басталып жатқан — Қазақстанның өзіндік шынайы өзгешеліктері әлі де табанға тапталып келе жатыр. Түптеп айтқанда, нарықты күштеп енгізу қиын шаруа. Өйткені ол ғасырлар бойы қалыптасатын экономикалық категория. Ендеше құлдырап бара жатқан экономиканы көтеру үшін соған қеліейік.

Жоғарыдағы пікірлерімнің түп қазығы ретінде айтар көзқарасым айқын. Ол — мынадай: ең әуелі нарық қатынастарын орнықтырудың әлеуметтік бағыт-бағдары айқындалмай болмайды және бұған әлі де кеш емес. Демек, бұл ретте бізге қандай нарық керек: оның өтпелі дәуірдегі кезеңдері қандай болмақ; әрбір кезеңге шамамен қаншалықты уақыт қажет; экономикадағы жалпылама хаосты жою үшін ел ішіндегі нарықтық тегеріштерді — төменнен жоғары қарай принципмен — бірте-бірте қалай қалыптастырған жөн — міне, осының барлығын қазірден реттестіріп алмай болмайды. Екіншіден, экономиканы басқарудағы мемлекеттің ролін күшейту керек және ешқашан тізгінді қолдан шығармаған жөн. Нарықтың біз өтпелі дәуір деп атап отырған кезеңінде оны мемлекеттік басқару арқылы ұдайы қатан реттеп отырмаса — бетімен кетеді. Мен мұны өз ойымнан шығарып отырған жоқпын. Әлемдегі озық елдердің барлығын осы қатан реттеу бүгінгі шынға алып шықты. Сондықтан бүгінгі Қазақстанның ішкі-

тарды өзмізге тікелей іркіп қалып отырсақ, соның негізінде біз үшін пайдасы шамалы экспортты есеппен ауыздықтай берсек — туған топырағымызда қуағты мемлекет орнатудың бір тегерішігі осы дер едім. Міне, экономикада мен көріп отырған жол — осы!

— Айналып келгенде, Сіздің көзқарастарыңыздың жиынтығы республика экономикасындағы реформаның стратегиялық базасын біршама өзгертіп, тактикалық жүрістерін қайта таңдау керек дегенге сайып отыр.

— Оныңыз рас. Мен жоғарыда айтқан ұсыныстар өмірге енгізіле бастаса, республикадағы ахуал да өзгеше қырымен көрінетініне сенемін. Ал, экономикаға дәлме-дәл бағдарлама енгізу, ішкі-сыртқы саясатты өзгертетіні сөзсіз, адамгершілік-имандылық қасиеттеріміз де солармен бір жішке байлаулы тұр ғой. Осы өткен кенесте мен Қазақстан жері мен елінің жағдайын тереңрек ескерген «бұрынғыдан басқа, бұрынғыдан шынайы етіп стратегиялық бағытты қайта жасау керек» деген ұсыныс бердім.

— Сіздің әңгімеңізге қарағанда экономикалық реформадағы Қазақстанның қазіргі бағытына экономистер мен ғалымдар бірыңғай көзқарас танытып отырмаған сияқты. Ендеше, мұны Президент қолдап, республика Үкіметі іске асырып жатқан шараларға қарсы позиция деп есептеуге бола ма?

— Жоқ, мүлде олай емес. Біріншіден, бұл — менің өмірдегі іс-тәжірибеме орай ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өз көзқарасым. Екіншіден, бізде ашық демократиялық қоғам орнығып келе жатқандықтан, экономикаға да қатысты, алуан-алуан ұсыныстар мен көзқарастар мейлінше көп болуға тиіс. Реформаны тікелей іске асырып жатқан үкімет немесе Президент — қажет деп тапса ғана — соның ішінен керегін алады.

— Мемлекет дәрежесіне көтерілген идеяның тұтас бір экономикалық институттарды қалыпқа салып, орнықтыратынына қоғам сан мәрте көз жеткізген. Алайда қазіргідей нарық аласапыранында идеологиялық прагматизмді экономикалық прагматизмге тез айналдыра қоюға мұрша болар ма екен?

— Мұрша жеткілікті! Және ешуақытта кеш болмайды. Қазақстан Республикасының Ата Заңының негізінде Қазақстанды қайта құрудың Ғасырлық бағыты жасалса — тамаша болар еді! Онда, негізінен: Жерге, ауыл халқына дес берілуге тиіс. Өйткені, біздің қазақ халқының негізі — ауылда отыр. Ендеше, бүгінгі қалыптасып келе жатқан нарық — халыққа, соның ішінде қазақ халқына қарай бет бұрсын. Өйткені, қазақ жерінің мәйегі — қазақтар.

— Қандай бір идеялар мен жаңа істердің өміршеңдігі тарихпен өлшенбей ме? Барлығы да түбі Жер мен Тарих қойнауынан орын табады. Бір кезде ежелгі Қытай императорларын артық шалқақтауға, астамшылыққа аяқ бастырмаған Конфуций (б.з.д. 551—479 ж.) мен «ақиқаттың тұрар жері — шындық пен шындық еместің түп-тура аражігі» дейтін ойшыл грек — Аристотель (б.з.д. 384—322 ж.) дамудың қайнар көзін адамзаттың ортақ ақыл-ойынан ауытқымау екенін қайта-қайта дәлелдеген Әбу Насыр әл-Фараби (870—950 ж.), тіпті, айбыннан дұшпаны ыққан Абылайханды ақылға тоқтатып, көшпелі Қазақ мемлекетінің мықты іргетасын қаласқан ұш данышпан — Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге дейін өз тұстарындағы қоғамды асыра сілтеуден әрдайым

Бағыт пен бағдарды айқындамаса болмайды

Экономиканы басқару мемлекет қолында болғаны жөн

Ұлттық валюта — тұрақтылық кепілі

Қазақ жерінің мәйегі — қазақтар

Реформаны ауылдан бастау қажет

Басқару буындарына білікті кадрлар керек

полизмге әкеле жатқан секілді. Реформаның бұл бағыты әлі де үдей түсетіні сөзсіз. Ендеше, Қазақстан мұнан әрі қарай жеке бір монополиялардың ұсақ-ұсақ «аралдарына» айналып кетпей ме?

— Қазақстанда бұрын тоталитарлық монополизм бар болатын. Оны саяси жүйеге орай табиғи монополизм десе де болады. Мәселен, республикадағы көптеген өнеркәсіп ошақтары бізді аттап бірден Мәскеуге бағынатын. Қазір нарықтың нәтижесінде жана монополистер шықты. Ол — кешегі министрліктер — бүгінгі концерндер емес пе?! Сондай-ақ, өнеркәсіп өндіріс орындарының біршама-сын өз ұсынына түсіріп алған «Крамс» монополист емес пе? Монополияға жол ашатын да, оған тосқауыл қоятын да — үкімет. Сондықтан да болар, Премьер-министрдің кабинетіне қарайтын — Монополияға қарсы комитет құрылды. Қазақстанның жері мен оның материалдық рухани байлығы талан-таражға түсіп, жеке монополистердің қалтасында кетпеуі керек. Тәуелсіздік туын көтерген Қазақстан барлығын бір қолға — өзінің мемлекеттік монополизміне айналдырмай болмайды.

— Біздегі экономикалық реформалардың

жатқанын баса айтты. Қазақ ауылдарын қайта құруға әлі де мүмкіншілік бар. Ауылдың халін көтермей, экономикадағы оң өзгерістерді ауылдан, жерден бастамай — біз ешқашан биік мақсатқа жете алмаймыз. 90-жылдардың басындағы есеп-санак бойынша Қазақстан ұлттық табыс жөнінен 65-ші орында. Яғни жер жүзі елдерінің бел ортасында болған екен. Осы деңгейді төмендетпей тұрып, шаруашылықтың екі саласына нақты реформалық өзгерістер енгізбесек болмайды. Бұл, біріншіден, ауыл шаруашылығына байланысты. Республикада 2 миллион гектардан астам суармалы егістік, 25-27 миллион гектардай астық алқабы бар. Орта есеппен алғанда бір гектардан 10-14 центнерден ғана өнім өндіреді екенбіз (өнімділігі жөнінен әлемде 146-орын). Демек, біз жермен пайдалы айналыса алмай келеміз. Әсіресе, тың далаларды игеруден бері Қазақстанның топырақ қабаттары бүлініп кетіп отыр. Сондықтан да ауыл шаруашылығында өзімізді астық, көкөніс, т.б. өнімдермен қамтамасыз ете алатын жер көлемін қалдыру керек те, қалғанын негізінен, мал жайылымына айналдырған жөн. Екіншіден, мал шаруашылығында бір сырдан сауылатын сүт жөнінен біз 48-ші орындамыз. Голландия, Дания, Германия секілді елдердің бір сыры біздегі төрт сырдың сүтін береді. Ет өндіру жөнінен де осылай. Ендеше, мал шаруашылығының тиімділігін тез арада көтеруге, халықты мал өнімдерімен жақсы қамтамасыз етуге бет бұру керек. Оған қоса Қазақстанның өзен-сулары, топырақ қыртыстары экологиялық бүліншілікке ұшырауда. Мемлекеттік деңгейде осының бәрі қамтитын көп кезеңді, көпжылдық бағдарлама қабылдап, іске асыру — басты міндет. Бұл — ұлттық экономикаға тікелей бастап апаратын жол.

— Ұлттық экономиканың нақты көрінісін бір ұлттық валюта дегеніміз. Онда көрші Қырғызстанда сомның еніп кетуіне қалай қарайсыз?

— Президент Н. Назарбаевқа ұлттық валюта енгізу туралы ұсынысымды бұрын бергенмін. Оған бері Украина, Қырғызстан өз валюталарына ие болды. Демек, олар ұлттық экономикамызды өзіміз құрамыз деген принципке кетті. Бұл дұрыс та. Ерте ме, кеш пе бүкіл ТМД осыған келе жатыр. Тек кемшілігі қалмау керек.

— Кенжеғали Әбенұлы, Қазақстандағы осыншама ұлан-ғайыр экономикалық өзгерістерді келешекте жеріне жеткізу үшін іскер мамандар керек. Ал, ондай мамандарды дайындап беретін Сіздердің Академия деп ел күтіп отыр.

— Бүкіл Қазақстан өте білікті, экономиканы әлемдік деңгейде игере алатын мамандарға сусал отыр. Біз соған бірінші болып құлаш ұрдық. Бұрынғы Халық шаруашылығы институты әуелі Университет, енді Басқару Академиясы болып түбегейлі өзгеруде. Ең бастысы, оның ішкі құрылымдық бейнесі және білімділік сапасы күрт басқа бағытқа бет алды. Бұл оқу орны бұрын 28 мамандық даярлап келген болса, енді біз экономиканың өзегінде жұмыс істейтін, нарықтың терен қатпарларын игере алатын 8 ірі мамандықты ғана таңдап алдық. Олар: менеджмент, маркетинг, қаржы және несиенің еңбек қорларын басқару, бухгалтерлік есеп және аудит, халықаралық экономикалық қатынастар, экономикалық кибернетика, статистикалық және ұлттық есепшілік. Қазір осы әрбір мамандық жеке бір кешен болып қайта құрылды. Әрбір кешеннің өзінің басқаратын жетекшісі бар. Болашақта әр кешен жеке-жеке институттарға айналмақшы. Сөйтіп, жеке мамандықтарды тереңдетіп игерген әлденеше инс-

тегі де нарықтық экономиканы біздегі мамандардай билетін қордалы орта табылмас, сірә?! Басқа оқу орындарының техникалық-информатикалық базасы, оқулықтары, мамандары біздердегідей жеткілікті ме екен?! Сондықтан да, Басқару Академиясы — нарықтық экономика жөнінен бірден бір жетекші оқу орнына, әрі бірегей оқу-методикалық орталыққа айнала беруі тиіс.

— Сіздің осы айтқан бағыттарыңыз республикадағы экономикалық интелектуальдық сананың алтын дінгегін орнату жолындағы мықты қадам екендігі сөзсіз. Соған орай шет елдердегі қайсыбір компаниялар мен ұжымдар өз қаржыларын осы мақсатта Академия есебіне енгізер ме еді?

— Қазір АҚШ-тағы ынталы орындармен бірігіп Академияның ішінен Халықаралық бизнес мектебін ашудың жобасы дайындалуда. Еуропадағы Экономикалық Ұнтымақтастық (ЕЭС) елдерімен өздерінің оқытушы мамандарын бізге жіберу үшін байланысқа шықты.

— Ал, ендеше, бныл қайта құрылған Академияның алғашқы студенттік толқыны қабылдап алуға қандай дайындықтарыңыз бар?

— Жоғарыда аталған сегіз мамандыққа 500 студент қабылдаймыз. Оның сыртында, бәлкім, тағы да 200-300 адамды өндірістік келісіммен, яғни, өз демеушілерінің қаражатын төлеттіру арқылы қабылдаймыз деп отырмыз. Оқуға түсудің бір ғана шарты бар. Ол — емтихан тапсырылатын сабақтардан тест (сұрақтың жауабын таңбалау) арқылы сынақ тапсыру. Солардан жоғары ұпай жинаған абитуриенттер конкурсқа түседі. Яғни кімнің білмі жетік болса, сол ілгері тұрады. Абитуриенттер таңдала берген жауаптарды компьютер сараптайды да әділ бағасын шығарады. Бүгінде Академияда абитуриенттерге ақыл-көнес беру орталығы жұмысын бастап кетті. Арнайы құрылған комиссия қиырдағы аудандардан, экологиялық апатты аймақтардан болашақ студенттерді сұрыптап алу үшін аттанғалы отыр.

Оқуға түскен студенттердің барлығы бірдей алғашқы екі жыл бойы экономикалық білім негіздерін және шет ел тілдерін терең игерумен болады. Екі жылдық оқу процесінде әрбір адамның қабілеті анық көрінеді де, олар екі арнаға бөлінеді (яғни, 2+1; 2+2). Биік қабілет көрсете алмағандар тағы бір жыл оқиды да (2+1), экономикалық арнайы орта білім алып шығады. Өзгелері тағы (2+2) екі жыл оқып бакалавр дәрежесіне көтеріледі. Әрмен қарай оқимын деген адам екі жылдай өндірісте жұмыс істеп келіп оқуын қайта (тағы екі жыл) жалғастыра алады. Онда ол магистр болып шықпақ.

— Кенжеғали Әбенұлы, осыншама орасан ойлардың қыспағында жүріп, қыруар шаруаны басқару-игеру, әрине, бір адамға оңайға түспес. Әйтсе де күн сайын осы Академияның шаңырағына кіріп, ректор кабинетінің төріне озғанда Сізді айрықша толғаудыратын не?

— Әрбір іс өте үлкен жауапкершілікпен атқарылуға тиіс! Азаматтық борышым мен сеніп тапсырылған істегі жауапкершілікті бәрінен биік қоямын. Өйткені, Қазақстандағы реформалардың сәтті болу-болмауы интеллигенцияға, мамандарға байланысты. Біз осы он өзгерістер дариясына бұлақ болып қосыла алсақ болғаны...

— Уақытыңызды бөлгеніңізге көп рақмет!

Дерек пен себеп

Халықтың өсім қарқыны қалай?

Бұрынғы «мызғымас» одақтың ыдырап, ондағы саяси-экономикалық жағдайдың түрлі бағытта дамуы туған республикамызға әсерін тигізбей отырған жоқ. Оны демографиялық жағдайдан да байқауға болады. Қазақстанға өзге өңірден келушілер саны өсе түскен. Бір қуаныштысы —

солардың арасында қандастарымыздың қатары қомақты болып отыр.

Қазақстан Республикасы Санақ және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәліметіне қарағанда, үстіміздегі жылдың алғашқы айында өткен жылдың сол кезеңімен салыстырғанда қазақтар саны

224 мың адамға артып, барлығы 7 миллион 297 мыңға жеткен. Бұл — республикамызды мекен ететін бүкіл халықтың 43,2 проценті деген сөз. Орыстардың саны — 6 миллион 169 мың (36,4 процент). Сол сияқты Қазақстанда 875 мың украин (5,2 процент), 696 мың неміс (4,1 процент), 364 мың

өзбек (2,2 процент), 335 мың татар (2 процент), тағы басқа да ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады.

1989 жылғы халық санағынан бері жергілікті тұрғындар саны жыл сайын орта есеппен 2,9 процент өсіп отырған. Ал бұрын (1980 — 1989 жылдары) бұл көрсеткіш 2,1 процент ка-

на болатын. Қазақтар көп тұратын өңір бұрынғысынша Қызылорда, Атырау облыстары болып есептеледі.

Республика халқының саны табиғи өсуден көбейіп отыр. Әйтсе де жыл өткен сайын балалардың тууы кеміп келе жатқанын да айтуымыз керек. Егер 1987 жылы табиғи өсім

Қазақстан бойынша әр 1000 тұрғынға шаққанда 18,1 адамнан болса, 1992 жылы ол 11,8-ге дейін төмендеп кеткен. Өсім көрсеткіші әртүрлі ұлт өкілдері арасында әртүрлі. Табиғи өсім әсіресе, өзбектер (24,7 процент) пен эрбайжандар (24,3 процент) арасында тауір. Қазақтар 21,9 процентке өскен. Ал орыстар мен украиндардың өсімі кеми түскен. Олардың көрсеткіші 2,7 және 1 процент болып отыр.

Қазақтар қатарының кө-

беюне республикамыздан тыс жерлердегі қандастарымыздың қайтып оралуы да игі әсер ете бастаған. Соңғы екі жылда Монғолиядан 42,5 мыңдай қазақ өздерінің ата жұртына оралған. Сол сияқты Ресейден 20 мыңға тарта, Өзбекстаннан — 14 мыңдай және басқа да Орта Азия елдерінен 11 мыңға жуық қандастарымыз қайтып келді.

Республика тұрғындарының сан жағынан өсіп отыруы —

табиғи жәйт. Әрине, оған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да әсер ететіні сөзсіз. Ең басты байлығымыз — Қазақстанды мекен ететін көп ұлтты халықтарымыздың достығы мен ынтымағы. Сол мызғымаса болғаны!

(Материал Қазақстан Республикасы Санақ және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәліметтері негізінде әзірленді).